

ӘОЖ 81-24; МҒТАР 16.31.02

<https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.107>Н. АБДИКАРИМ¹, К. ХАВАЙ²¹филология ғылымдарының кандидаты*Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: nursana@yandex.ru*²Орду университетінің PhD докторанты
(Түркия, Орду қ.), e-mail: karlygaaaa.sh@gmail.com**ЖОҒАЛҒАН ТҮРКІ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫН ТҮГЕНДЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН**

Аңдатпа. Мақалада Моңғолияның батыс өлкесінде өмір сүретін, өздерінің ана тілін ұмытқан түркітөкес хотон этносының бұл өлкеге қалай тап болғандығы, хотон этнонимінің мәні және олар бойынша зерттеулерге шолу жасалады. Қазіргі кезде хотондардың тілдері қолданыстан шығып, жойылған, өздері моңғолтілді қауымға айналған. Соған қарамастан халықтың санасында өздері түркілердің ұрпағы екендігі және ата-бабалары моңғолдардан өзгеше тілде сөйлегендігі туралы ақпарат сақталған. Осыған орай тұрмыстық лексикологияның қалдықтары да бар.

Хотондардың әдет-ғұрпы мен мәдениеті моңғол халықтарынан ерекшеленеді. Діни наным-сенімдері бойынша мұсылмандықтың суннит тармағын ұстанады, бірақ күнделікті тұрмыс-тіршілігінде бақылық пен буддизм, ламаизм элементтері де қатар қолданылады. Мұсылмандық рәсімдер кезінде айтылатын бір топ мәтін ауызша сақталған. XX ғасырдың басынан социалистік елдерде етек алған атеизмнің шектеулерінен болып хотондардың дұға-тілектері – «Молдоо нарын хэллэг» (Молдалардың сөзі) атадан балаға жасырын түрде жалғасып келді. Аузыша мәтін танылмастай өзгеріске түскен, «бұзылған». Бұл мәтіндер зерттеушілер тарапынан зерделеніп, талдаулар жүргізілмеген, олар «түсініксіз мәтіндер» деген айдармен бүгінгі күнге жеткен.

Мақалада осындай күйдегі жоғалған тілдің мүмкін болатын барлық дереккөздерін пайдалана отырып, сөздік құрастырудың алғашқы тәжірибесі баяндалады. Хотондық жеке лексемаларды анықтап, теріп алу, оның лексикалық қатарын барынша ұлғайту басты назарда болады және бұл үдеріс нақты дәлелдермен талданады.

Кілт сөздер: хотон, жойылған түркі тілі, жоғалған тіл, сөздік құрастыру, Моңғолиядағы түркітөкес этностар, лексикасын түгендеу, монологсема, аударма.

N. Abdikarim¹, K. Khavay²¹*Candidate of Philological Sciences, National Scientific and Practical Center named after Sh. Shayakhmetov
(Kazakhstan, Astana), e-mail: nursana@yandex.ru*²*PhD Doctoral Student of Ordu University
(Turkey, Ordu), e-mail: karlygaaaa.sh@gmail.com****Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Абдиқарим Н., Хавай К. Жоғалған түркі тілінің лексикасын түгендеу тәжірибесінен // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №4 (134). – Б. 85–100. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.107>

***Cite us correctly:**

Abdikarim N., Havai K. Jogalgan turki tilinin leksikasyn tugendeu tajiribesinen [From the Experience of Inventory of the Vocabulary of the Lost Turkic Language] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №4 (134). – B. 85–100. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.107>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.10.2024 / қабылданған күні 30.12.2024

From the Experience of Inventory of the Vocabulary of the Lost Turkic Language

Abstract. The article describes how the Turkic khoton Ethnos living in the western region of Mongolia, who have forgotten their native language, found themselves in this region, the meaning of the khoton ethnonym and a review of research on them. At present, the languages of the khotons have fallen into disuse and disappeared, becoming themselves a Mongolian-speaking community. Nevertheless, information has been preserved in the minds of the people that they are descendants of the Turks and that their ancestors spoke a language different from the Mongols. In this regard, there are also remnants of household lexicology.

The Customs and culture of the khotons differ from the Mongolian peoples. According to religious beliefs, it adheres to the Sunni branch of Islam, but in everyday life, elements of Witchcraft and Buddhism, Lamaism are also used in parallel. A group of texts spoken during Muslim rituals have been preserved orally. Due to the restrictions of atezim, which prevailed in socialist countries from the beginning of the twentieth century, the prayers of the khotons – “Moldoo Naryn halleg” (the word of the mullahs) – were secretly passed from father to son. The text in the mouth has undergone an unrecognizable change, “broken”. These texts have not been studied and analyzed by researchers, they have reached the present day under the heading “incomprehensible texts”.

The article describes the first experience of compiling a dictionary using all possible sources of a lost language in such a state. The focus will be on identifying and typing individual hotonic lexemes, maximizing its lexical series, and this process will be analyzed with concrete evidence.

Keywords: khoton, extinct Turkic language, lost language, dictionary compilation, Turkic-speaking ethnic groups in Mongolia, vocabulary inventory, monolexem, translation.

Н. Абдикарим¹, К. Хавай²

¹кандидат филологических наук, Национальный научно-практический центр имени Ш. Шаяхметова (Казахстан, г. Астана), e-mail: nursana@yandex.ru

²PhD докторант Университета Орду (Турция, г. Орду), e-mail: karlygaaaa.sh@gmail.com

Из опыта инвентаризации лексики утерянного тюркского языка

Аннотация. В статье дается обзор исследований, посвященных этнониму хотон и раскрывается его значение, рассказывается о том, как тюркский этнос хотон, проживающий в западном регионе Монголии, забывший свой родной язык, оказался в этом регионе. В настоящее время этнос хотон превратился в монголыязычное сообщество, язык хотонов вышел из употребления и исчез. Тем не менее, в сознании населения сохранилась информация о том, что они являются потомками тюркских народов и их предки говорили на языке, отличающемся от монгольского. В связи с этим имеются остатки бытовой лексикологии.

Обычаи и культура хотонов отличаются от традиций и культуры монгольских народов. По религиозным воззрениям они придерживаются суннитской ветви ислама, но в повседневной жизни параллельно используются элементы колдовства и буддизма, ламаизма. Большинство текстов, произносимых во время мусульманских ритуалов, сохранилось в устной форме. Из-за ограничений атеизма, наложенных в социалистических странах с начала XX века, молитвы хотонов – «Молдоо нарын хэллэг» (Слова мулл) тайно передавались в течение многих лет от отца к сыну. Поэтому они искажены до неузнаваемости, одним словом «испорчены». Эти тексты не были изучены и

проанализированы исследователями, они дошли до наших дней под рубрикой «непонятные тексты».

В статье излагается первый опыт составления словаря с использованием всех возможных источников утерянного языка. Основное внимание уделяется выявлению и набору хотонских лексем, максимизации их лексического ряда, и этот процесс выполнен на основе анализа с приведением конкретных примеров.

Ключевые слова: хотон, вымерший тюркский язык, утерянный язык, словарный запас, тюркоязычные этнические группы в Монголии, инвентаризация лексики, моноксема, перевод.

Кіріспе

Қазіргі Моңғолияның батыс өлкесінде өздерін түркілердің ұрпағы деп білетін, бірақ тілдерін ұмытқан шағын этнотоп жайлы дерек алғаш рет орыс саяхатшы-ғалымдары Г.Н. Потанин мен Б.Я. Владимирцовтың еңбектерінде тіркеледі. *Хотон* [xotʰin] деп аталатын бұл топтың антропологиялық сипаты, түр-әлпеті, наным-сенімі моңғолтектес халықтарға мүлде ұқсамайды. Олардың санын Г.Потанин «100 түтін» (1876–1877 жж.), Б.Я. Владимирцов «400-500 кибитка», ал В. Радлов, Н. Аристовтар шамамен 2000-дай адам деп көрсетеді. Соңғы халық санағы бойынша хотондардың жалпы саны 11500-ден асқан. Олар қазір Моңғолияның батыс өлкесі – Увс аймағы, оның орталығы Улаангом қаласы және Тариалан, Наранбулаг сұмындарында, Улаанбаатар, Эрдэнэт, Дархан сияқты ірі қалалары, Орхон, Сэлэнгэ тәрізді өндірісті, шаруашылықты аймақтарында өмір сүреді.

Негізінен Моңғолия халқы *моңғолтектес* (барга, баяд, буриад, дархад, торғауыт және т.б.) және *түркітектес* (қазақ, моншақ, тыва, түркілік ұраңхай, хотон, цаатан, чантуу) халықтардың өкілдерінен құралады. Түркітектес этностардың ішінде қазақтар ғана өздерінің тілі мен салт-дәстүрін жақсы сақтап қалған әрі сан жағынан да басқаларына қарағанда көп екені белгілі. Ал қалғаны, әсіресе, хотондар моңғолтілді ортамен толықтай ассимиляцияға түсіп, тілдерін ұмытқан, қазіргі кезде олар дөрвд, баяд, өөлділердің қатарындағы солтүстік ойрад диалектісінде сөйлейтін моңғолтілді этностар [1, 6-б.] қатарына жатқызылады. Сондықтан олар тілдік белгісіне қарай *хотон монголчууд* (хотон-моңғолдар) ретінде қабылданады. Хотонша сөйлейтін бір де бір адам жоқ, яғни бұл тіл толықтай жойылған тілдің санатына кіреді. Дей тұрғанмен, хотондардың көп жылдар бойы бір-бірінен алшақ кетпей, маңайлас өлкелерде топтасып өмір сүргені олардың антропологиялық бет-бейнесінің, мәдениетінің және айрықша діни ұстанымдары мен салт-дәстүрлері, онымен селбесіп ауызша жеткен тілдік деректердің сақталуына септігін тигізді. Басқаша айтқанда, бұл шағын этнотоптың тілі коммуникация қызметін атқармағанымен, түрлі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары кезінде қолданылатын рәсімдік мәтіндер – тілдік факт сақталған. Сондықтан оған «жойылған» немесе «өлі» тіл емес, «*жоғалған тіл*» деген мәртебе беріп, қайта жаңғырту жолдарын қарастыру – түркі мәдениетіне қосылатын бір олжа болар еді.

Г.Н. Потанин 1876–1877 жж., Б.Я. Владимирцов 1911 ж. Моңғолияға сапары кезінде Батыс Моңғолияда түркі-моңғол тілінде сөйлейтін, өздерінің ана тілін ұмытуға шақ қалған, моңғолданған түркі этносы жайында [1, 19-б.; 2, 265–277-бб.] мәлімет қалдырады. Ш.Құдайбердіұлының еңбегінен: «Қырғызнұр менен Обсанур деген екі көлдің арасында түрікше сөйлейтұғын бір ел бар. Оны мағолдар хотон дейді. Бұлар түріктен қалмақтар тұтқынға алғандардың нәсілі. Қалмақтың ақсүйек төрелеріне егін салып береді» [3, 65-б.] деген мәліметті кездестіреміз. Бұдан кейін А. Самойлович, Г.Е. Грум-Гржимайло, Ц. Номинханов, Ц. Жамсарано, Б. Аристов, В. Радлов, Б. Ренчин, С. Бадамхатан, Ж. Батсуурь, Ц. Цэрэндаш, Х. Силам, Ж. Цэвээн, С. Басан, т.б. моңғолтанушылар, тарихшылар, этнографтар, генетиктер, жазушылардың еңбектерінде көлемді және шағын

материалдар жарық көрген. Онда «хотон» этнонимінің мәні мен этимологиясы, тарихы, діни наным-сенімі, антропологиялық ерекшелігі, генефоны, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, материалдық және рухани мәдениеті, шаруашылығы және т.б. деректер сарапталады.

Жалпы хотондардың моңғолдар арасына қоныс тепкені жайында негізгі 3 болжам бар:

1. 1400–1600 жылдары Моңғол империясы ыдыраған кезде, шамамен, 1380 жылдары, Хархорумдағы чалмаалар (басына ақ мата орағандар) мен хатиундар (хатунның жалшылары) қазіргі Увс аймағының Хяргас (Қырғыз) көлінің жан-жағына, Мянган, Хархираа тауларының, Тогтох мойнағының аузына келіп қоныстанады. Өзіндік жерге ие болып, тау-тасқа тасаттық беріп, құрбан шалуға рұқсаты бар, тілі мен діні бар, 13 атадан құралған қырғыз, қазақ (кайсақ), ұйғырлар, ұранқайлармен бірге өмір сүре бастайды.

2. 1663–1697 жылдары Жоңғар ханы Галдан бошигт¹ (1644–1697) Синьзян, Шығыс Түркістан жаққа шабуыл жасап, моңғолды әскерінің күшімен біріктіру үшін оларға азық-түлік әзірлетуге ұйғырларды алып келеді. 1695–1696 ж. Галдан бошигт манжылардан жеңіліс тапқан соң, Манж-Чин ханының жарлығымен Дөрвөд далай хан хошууны (аймақ) құрылып, хотондар дөрвіт, қалмақтармен бірге бір әкімшілік аймаққа қарайды.

3. 1750–1921 ж. манжылар моңғол аймақтарын ұсақтап басқару әдісін қолданады. Алтайдың арғы жағындағы Іле өзенінен көшкен дөрвіттер жоңғарлардан бөлініп, Алтай жотасын асып келе жатқанда оларға Хавтаг, Байтаг тауының маңында бір топ түркілер шабуыл жасайды. Түркілерді әскердің күшімен басып, олжалап алғаны үшін Манж ханы оларды дөрвіттердің ханы Цэрэн-Увашқа басыбайлы етіп береді. Олар өздерінің түп-тамыры, әдет-ғұрпын толықтай ұмытып, дөрвіттеніп кетеді. 1758 ж.-дан бастап Манж ханы Дөрвіт далай хан аймағына бұл өлкеге бұрынырақ келген хотондарды да қосады. Олардың «хотон» атануы да және 1921ж. социалистік революцияға дейін тағдырының тым мүшкіл күйге түсуі де [4, 27–32-бб.] осы кезден басталса керек.

Революциядан кейін хотондар моңғолша білім алу, үкіметке жұмыс істеу еркіндігін алғанымен, атеист идеологияның құрбаны болып, рухани дүниесі шектеле бастады. Сондықтан діни рәсімдер жасырын орындалып, онда оқылатын дұғаларды ауызша жаттап, құрбандық шалу кезінде ахун молдаларға сынақ тапсырып, молда болу құқығын алып отырған. Осыдан 300 жылдан астам уақыт бұрын басталған ассимиляция кесірінен түркі тектес бір этнос тілінен айырылғанымен, молдалардың арқасында, мұсылмандық дінін, салт дәстүрін жартылай болса да сақтап келді. 2000 жылдардың басынан хотондар өздерінің ата салтын жаңғыртуға әрекет жасап, тұрмыстық және діни рәсімдер кезінде қолданылатын мәтіндердің жазбаша нұсқасын кітап, жинақ түрінде басып шығара бастады.

«Хотон» этнонимінің этимологиясы да толық анықталмаған. Бұл оларға моңғолдар, оның ішінде ойраттардың берген атауы; түркістандық мұсылмандарды да осылай атаған, демек олардың негізгі мекені сол жақтан, қалалық жерлерде тұрғандықтан *хот-он* (моңғолша: хот – қала) – *қалалықтар* деп аталған; дөрвіттердің қысымынан болып (ер адамдардың саны 1000-нан асса, басын алып отырған) еркек кіндіктері әйел адам сияқты киініп жүрген; бекініс салып жатқан кезде бір адамы қайтыс болып, оны жерлеу кезінде әйел адам екені анықталған, содан олар «қатын» деп аталып кеткен; жаугершілік заманда еркек кіндіктің бәрінің басын алғанда, бір ер адам әйелше киініп, «мен қатынмын, мен қатынмын» деп бас сауғалап, аман қалған, хотондар содан тарайды деген сияқты аңыз-әпсана араласқан алуан түрлі болжам бар.

Моңғол этнографы С. Бадамхатан (1958) өзінің диссертациялық еңбегінде хотондардың тарихы, шаруашылығы, үйлену салты, отбасы, тілі жайлы мәліметтерді қамтиды. Ал проф. Ж. Батсуурь 1970 ж.-дан Увс аймағының Тариалан сұмынының хотондарының шығу тегін

¹ Жоңғар хандығының үшінші хонтайшысы, 1677 ж. Далай ламадан «бошигт» титулын алып, барлық ойраттардың билеушісі атанады.

генетикалық тұрғыдан зерттей бастаған. 30 жылдай жүргізген зерттеу нәтижесін шәкірті Ц. Цэрэндашпен бірлесе отырып, 2004 жылы «Хотон таны угийн зураглал»² деген атпен басып шығарды. Бұл еңбекте хотондардың гендік фонының «45–50 пайызы қырғыздардың үлесіне тисе, одан кейінгісі ұйғыр мен өзбекке тең дәрежеде тиесілі, ал қазақтардың үлесі аздау» [5, 35–б.] деген қорытынды жасалады. Байқап отырғанымыздай, хотондар түркі әрі мұсылмандық бағытты ұстанып келгенімен, тілдік белгісі бойынша бір ғана этнос емес. Осындай сұрақтарға жауап алу үшін тіл деректерінің де өзіндік үлесі бар.

Хотондар сөйлеген тілдің ерекшелігін, түркі тілдері қатарындағы мәртебесін анықтау және оның тілдік деректерін біріздендіру, ғылыми айналымға енгізу үшін бірінші кезекте сөздігін құрастыру мақсаты қойылары сөзсіз. Қазіргі жағдайда хотон лексикасы орыс ғалымдары жазып алған және соңынан толықтырылған сөздер мен фразалардан құралған: Г.Н. Потанин 87 сөз, Б.Я. Владимирцов 123 сөз жазып алады; бұл жазбаларды А. Самойлович талдай отырып, «Словарь разобранных словъ» [6, 278–290-бб.] деген шағын түсіндірмелі сөздік жасаған. Ал С. Бадамхатан еңбегінде 340 (Потаниннің 87, Владимирцовтің 123, өзінің 130 сөзін қосқанда) хотон сөзі мен фраза қамтылған. Онда хотондар сөйлеген тілдің құрамында VI ғ. Орхон ескерткішінің, парсы, Шығыс Түркістанның ұйғыр, түрік, Орталық Азияның қазақ, қырғыз, тіпті моңғол тілінің сөздері де бар деген қорытынды жасалады [7, 36-б.]. Жаңа заманда жарық көрген хотон өкілі Б. Санхүүдің еңбегінде 217 сөз, 44 фраза тіркелген. Д. Солонго, Р. Сарангэрэлдің «Хотон аман аялгуу³» (2020 ж.) кітабында қазіргі хотондардың дөрвід диалектісінен алған 935 сөзі мен тіркесі берілген [8, 122–154-бб.], осының 130-ын түркі-моңғол тілдерінде қатар қолданылатын бірліктер ретінде қарастыруға болады. Аталған еңбектердегі қайталанған сөздерді алып тастағанда, біздің талдауымызға дейін 500-дей хотон сөзі белгілі болды деуге негіз бар.

Жоғалған тілдің сөздігін құрастыру тәжірибесі мен әдістемесі тіл білімінде жолға қойылмаған. Соған қарамастан сөздікті 6 тілде құрастыру көзделді: хотон-қазақ-түрік-моңғол-орыс-ағылшын. Сөздік құрастырудың дереккөзі бола алатын барлық материалдардан хотон сөздерін теріп алуға қазақ тілі тірек тіл ретінде пайдаланылды. Одан соң жойылған немесе жойылу қаупі бар түркі тілдерін түгендеумен айналысатын ғалымдар шоғыры қалыптасқан түрік тіліне; қазіргі хотондар сөйлейтін тіл – моңғол тіліне, хотонша сөздік жасау тәжірибесінің негізі салынған орыс тіліне және әлемдік ғылыми интеграция тілі – ағылшын тіліне аударылды. Негізінен, көптілді сөздік құрастыруда аударманың «...баламасы, аналогы, синонимдік сәйкестігі, тұрақты лексикалық сәйкестігі, калька, окказионалды лексикалық сәйкестігі, сипаттамасы» [9, 283-б.] ескеріледі. Біз хотон сөздерін түпнұсқалыққа барынша жақындату үшін монолексемалық аударма жасауға талпындық. Кейбір тұстарында сипаттамалы аудармалар да орын алды, өйткені хотондардың көшпелі тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне байланысты қалыптасқан кейбір лексемалардың басқа халықтарда болмауы ләзім. Ал өзге тілдегі аудармаларында сол тілдің синонимдік қатарлары да көрсетіліп отырды. Сөздік құрастырудағы күрделі мәселенің бірі жойылған тілдің лексикасын түгендеу және оны алатын дерекөздерін анықтау болды. Осы бағытта жасаған жұмысымыздың нәтижесі мақаламыздың арқауына айналды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Г.Н. Потанин, Б.Я. Владимирцов, С. Бадамхатан, Б. Санхүү тіркеген сөздер мен фразалар және А. Самойлович құрастырған шағын түсіндірме сөздік зерттеменің материалы ретінде алынды, ондағы инварианттар тіркелді. Сонымен қатар түркі-моңғол тілдеріндегі параллельдер мен информанттардан жазып алынған сөздер, хотондардың моңғолша

² «Хотон, сіздің тегіңіздің сызбасы»

³ «Хотон диалектісі»

қалыптасқан фольклорлық шығармаларының, хотон антропонимінің және топонимдік атаулардың құрамындағы түркілік сөздер, түркі-моңғол байланысына қатысты сөздіктер де дереккөзі ретінде пайдаланылды.

Ауызша жеткен, танылмастай күйге түскен хотон мәтінен лексикалық бірліктерді бөліп алу үшін сыни тексеру әдісі, дивинация (толықтырып жазу, жетіспейтін элементтерді қосып жазу), салыстыру, аналогия, контекстік талдау әдістері; дыбыстарды алмастыру, моңғол қарпімен әрі осы тілдің орфографиялық заңдылығы бойынша жазылған сөздердің дыбысталу ерекшелігін ескере отырып, түркі тілдеріне бейімдеу, транскрипциялау, түркілік (негізінен қазақ тіліне) графикалық тұрпатқа келтіру, аударма теориясының және далалық зерттеулердің негізгі әдістері, атап айтқанда, аудармадағы қателерді жүйелеу, түзету әдісі, информанттардан алынған деректерді верификациялау (саралап, түзету); «бұзылған» сөздерді түркі тілдерінен іздеу, сәйкестіру, тізімдеу, инварианттарын есепке алу және т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Сөздерді грамматикалық тұлғаларынан ажырату глосстау әдісімен жүзеге асырылды және аудармалар марр жақшасына (‘’) алынды.

Сөздік материалдарын жинақтау, тіркеу, ретке келтіру барысында эмпирикалық байқауға негізделген индукция әдісі, анализ, синтез әдістері және интуициялық шешімдер қажет етілді.

Талдау мен нәтижелер

Лингвистика тарихында *Хутан* (М. Қашқари), *хотон* (Потанин, Владимирцов, А. Вамбери, Т. Фосс және моңғолдар [*хотың*]), *хотан* (түркологиялық еңбектерде), моңғолдар және өздерінің дыбыстауы бойынша хотон [*хотың*] деген атаулармен белгілі халық һәм этностың түркілерге және осы атаудың қайсысы кімдерге қатыстылығы жайында сарапталған байлам жоқ. Ұлы компаративист Махмұд Қашқаридың еңбегінде *Хутан* деп аталатын халықтың тілі жайлы: «Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. ...Шетелдіктермен араласатын және қалалықтармен араласатын хотан, түбіт халықтары мен таңғұттардың бағзылары сондай» деген мәліметті кездестіреміз [10, 55-б.]. Жалпы хотондар сөйлеген тіл түркі тілдерінің қайсысына жататындығы туралы ғалымдардың пікірі сан алуан: ұйғыр тілінің (Б.Я. Владимирцов, А.Н. Самойлович), өзбек тілінің (А. Вамбери), қырғыз тілінің бір диалектісі (Г.Н. Потанин); бірнеше тілдің, атап айтқанда, ұйғыр (ауслуаттағы *g – очаg*), қырғыз (*төөй* ‘верблюд’, *оозу* ‘рот’), түркімен тілінің (гол ‘рука’) белгілері бар тіл (Н.А. Баскаков); жаңа түркі тілдерінің бірі (С. Малов) немесе түркологиялық еңбектерде бірнеше говорлардан тұратын ұйғыр тілінің оңтүстік диалектісі деп біледі. Көріп отырғанымыздай, хотондардың тілдік деректері жүйеленіп, оған ғылыми негіздегі сарапталған баға берілмегендіктен, алуан түрлі пікір орын алған. М. Қашқари еңбегіндегі *хутан* мен *хотонның* мәніне үңілу де басы ашық мәселенің бірі. Бұған ғылыми сарапталған материал ұсынудың алғы шарты – хотон тілі сөздігін құрастыру.

Хотондар сөздігін құрастыру үшін белгілі бір жүйе немесе қағидатқа, тәжірибеге сүйенуіміз қажет. Алайда «Адамзат әртүрлі типтегі сөздіктерді құрастыруды өте ертеден қолға алғанымен, жалпы лексикографиялық теория әлі күнге дейін толық қалыптаспаған» [11]. Оған қоса ХХ ғ.-дың ІІ жартысынан тарихи лексикологияда сирек кездесетін немесе құжатталмаған сөздерді сипаттауға, дереккөздер мәліметін тексеру амалдары мен сөздікте сөздердің дұрыс жазылуына баса назар аударыла бастағанымен, лексикографтар сөздік сипаттамасының дұрыстығын қамтамасыз ететін және оны сыни тұрғыдан тексерудің нақты ережелерін әзірлей алған жоқ [12, 10-б.]. Ендеше жойылған тілдің лексикографиясы бойынша жүргізілетін жұмыс та сын көтермейді деген сөз. Өйткені:

- жоғалған тілдің сөздігін құрастыру бойынша ғылыми нақты критерийлердің болмауы;

- хотон сөздерінің фонологиялық сипатын бере алатын сенімді дереккөздерінің жоқтығы, яғни бұрынғы жазылып алынған сөздер басқа ұлттардың есту дағдысы, орфографиясы бойынша (негізінен, орыс, моңғол) және грамматикалық формаларымен бірге тіркелгендігі;

- қолда бар деректердің инварианттылығының көптігі;

- жазбаша нұсқадағы әдебиеттердің табылмауы;

- информанттардың санасында бірлі-жарым сөз сақталғаны болмаса, толық сөйлем құрай алмауы тәрізді қиындықтар алдымыздан шықты. Сондықтан біз эмпирикалық талдауларымызға сүйене отырып, хотон сөздерін «байыту» әрі түгендеу үшін төмендегі дереккөздері мен амал-тәсілдерді пайдаланғанымыз жөн деп шештік:

1) ауызша жеткен, соңынан жазбаша нұсқаға түсірілген мәтіндерді аудару, жаңа сөздерді анықтау;

2) бұрынғы дереккөздерінде қате, жаңылыс аударылған сөздерді талдап, жаңарту, түзету;

3) сөздердің құрылымын талдау, лексикалық бірліктің түбірі мен негізін табу;

4) бұрын тіркелген сөздер, сөз тіркестерінің мағынасын ашу, біріккен сөздерді ажырату;

5) ономазиологиялық деректерді пайдалану;

6) хотондар белсенді қолданатын, бірақ түркі тілдерінде жоқ сөздердің этимологиясын тексеру;

7) информанттар берген мәліметтерді верификациялау;

8) хотондардың моңғол тілінде қалыптасқан ауыз әдебиеті үлгілерінен түркі сөздерін іздеу;

9) төркіндес немесе тығыз байланыстағы тілдердің сөздігінен параллель қолданыстағы сөздерді теріп алу.

Біздің осы бағыттағы жұмысымыздың нәтижесі төменде сөз болады.

1. Хотондардың ауызша жеткен, соңынан жазбаша нұсқаға түсірілген мәтіндерінен табылған сөздер

Хотондардың діни рәсімдер кезінде мұсылманша оқылатын дұғалары «Молдалардың сөзі» деп аталады және ол ауызша ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. 2000 жылдың басынан бұл мәтіндерді математик, мәдениеттану ғылымдарының PhD докторы, молда, жұлдызнамашы Басангийн Санхүү жинақтап, бірнеше еңбек жариялады. Онда рух көтеру, аруақтарға арналған немесе таза шай беру, будда кітабының дұғалары және бақсы-балгерлік үшін хотондардың арнайы рәсімдер кезінде қолданатын мәтіндері бар. Алайда ауызша жеткендіктен әрі оны оқитын молдалар мәтіннің мағынасын толық түсінбегендіктен, танылмастай өзгеріске түскен. Бұл жөнінде мажардың саяхатшы-ғалымы М. Татар Фосс былай дейді: «Ер баланы мұсылмандық бойынша Молда немесе хотон кітапты (хотонша оқыған – Авторлар) адам сүндетке отырғызады және олар таңғыт (немесе араб па, әлде түркі тілінде (белгісіз тілде) дұға оқиды [13, 189-б.]. Осы «белгісіз тілдің» мәнін ашып, мағынасын түсіндіріп, талдаған еңбектер болмады. Біз аталған мәтіндердің ішінен Жер-суға табыну, баланы сүндетке отырғызу, неке қию кезінде қолданылатын «Гарваа горвоо» кітабының (дұғаларының – Авторлар) үш түрлі нұсқасын өзара салыстырып, ондағы түркі сөздерін анықтап (қажет болған жағдайда қырғыз, ұйғыр т.б. түркі тілі сөздіктерін пайдаланып), мәтінді қазақ тіліне аударып, интерпретация жасадық. Нәтижесінде бұрынғы еңбектерде тіркелмеген 69 лексикалық бірлік⁴ табылды.

Төменде «Гарваа горвоо» мәтінінің 3 нұсқасының 1-шісінің (А нұсқасының) 2 тармағына (11-12) мәнмәтінді ескере отырып жасаған талдауымыз ұсынылып отыр.

⁴ Бұл жұмысымыз бойынша арнайы мақала жазылғандықтан, мұнда тек жалпы мәлімет берумен шектелміз.

(А-12) *Яамиан эмээн бэтэн нар араадангас*

(А-13) *Яхсан эмээн ботон бэр гараатар*

Мәтін моңғол орфографиясы бойынша қағазға түсірілгендіктен, оны түркі тілдерінің заңдылығына сай транскрипцияладық:

[Yaman emen betin nar aradiŋg̃is]

[Yaqsin emen botin ber ğaratar]

Yaman, yaqsin (жақсы, жаман) сөздері бұрынғы сөздіктерде тіркелген әрі фонетикалық тұрапты да онша бұзылмаған. Ал *emen* мәтіндегі осыған ұқсас сөздерді салыстыру барысында *эмээн* – иман, *эмен* – эмин (эумин) екендігі анықталған. Оны *жақсы*, *жаман* сөздерімен тіркестірсек, бірде *бэтэн* [betin] /*ботон* [botyn] ретінде көрініс тапқан сөздің *бетін* деген сөз екендігін оңай аңғаруға болады, яғни *яамиан эмээн* (жаман иман), *yaqsin emen* (жақсы иман). Осындағы *нар араадангас* [nar aradyŋg̃ys] тіркесінің дұрыс нұсқасы [*ar ğaradyŋg̃ys*] ‘*ары қаратыңыз*’. Анлауттағы *қ/ғ* [q/ġ] түсіп қалғандықтан, көмекші есімнің алдынан *н* дыбысы жамалған, біздің ойымызша, бунақта болуға тиісті дыбыстың орны солай өтелген. (А-13)-тегі етістіктің формасы біршама дұрыс сақталған: *гараатар* ‘*қаратар*’. *Гараа*=CAUS-FUT_PRC ‘*қаратар*’. Басқаша айтқанда, *нар араадангас* тіркесінде 1-сі протеза, ал 2-сі прокопа құбылысын бастан кешірген. Сонымен, мынадай тармақтар белгілі болды:

Жаман иман=ØGEN бет= POSS.3SG-ACC ары (SN) кара=CAUS- PRS2

қаз. Жаман иман бетін ар(ы) қаратыңыз.

Жақсы иман=ØGEN бет= POSS.3SG-ACC бері (SN) кара=CAUS- FUT_PRC

қаз. Жақсы иман бетін бері қаратар.

Осылайша, талданған тармақтардан келесі бес сөз анықталды: 1. *ар*⁵нар араадангас (*ары*); 2. *бот/бэт*<ботон/бэтэн (*бет*); 3. *бэр* (*бері*); 4. *гараат*/⁶*араад* <нар араадангас/бэр гараатаар (*қарат*); 5. *эмээн* (*иман*).

2. Бұрынғы дереккөздерінде қате аударылған сөздерді талдап, саралау есебінен лексикалық мағынасы түзетілген сөздер

Хотондардың бұған дейін белгілі болған тілдік деректері көбінесе орыс, моңғол тілдеріне жекелеген сөздер мен сөйлем, фразалар түрінде аударылған. Б. Санхүү еңбегінде діни мәтіндердің 30 сөзі мен сөйлемі моңғол тіліне аударылып, мағынасын түсіндіруге талпыныс жасалған. Алайда, кейбір тіркестер мен сөйлемдердің бұрыс аударылғандығы «Гарваа Горвоо» мәтінін талдау барысында анықталды. Мысалы, §16: *Эс батмаа үч бүүргэн, үч тэрст мусарман* деген сөйлем моңғолша: *Хүний төлөө 3 бурхан, 3 тэнгэр минь өршөө* [4, 62–63-бб.] ‘Адам үшін 3 құдай, 3 тәңірім кешір’ деп аударылған. Ал С.Бадамхатанда *Үч буурган, Үч тэрст* тіркесі (моңғолша: *Гурван бурхан, Гурван тэнгэр*), қазақшаласақ ‘*Үш құдай, үш тәңір*’ болады. Мәтіндегі көрінісі:

(А-19) Жагас мусарман пес халаагаа кес калага ян янаа яндаганаа

(А-20) *Үчү бүүргэн үч тэрст дош таван халгаандаа*

(А-21) Хас халгаандаа, бэс халгаандаа

(А-22) Хүчээн ингэс нимээн дэнгэс хуваандангас

Жагас [ʒaġis] қырғызша ‘жақсы’; *мусарман* – мұсылман, адам; *пес* – қазақ тілінің диалектілерінде *қара ниет*, *арам*, *пасық* деген мағынада қолданылады. Моңғол тілінде екпінсіз буындағы (екпін сөздің басында болатындықтан) жалаң дауысты түркі тілдерінде [i], [i] ретінде дыбысталады, сондықтан, *халаагаа* [halaġa] *калага* [kaliġ] сөздері әртүрлі айтылады; бірақ бұл екі сөздің хал/кал ‘хал’ екенін, яғни хал=DAT формасын көреміз. *Кес* (режь) түркі тілдерінде метафора ретінде қолданылады [14, 56-б.], сондықтан оның «кесір»

⁵ < - сөздің түбірі мен негізі қандай сөздерден ажыратылып алынғандығын білдіреді;

⁶ / - хотондық инварианттар.

екені күмән тудырмаса керек. Ян [yan] - А. Самойлович сөздігінде бар, ал [yana] – кыргыздық тұрпаттағы жана (және), [yandǵına] – жандығына (ұсақ мал). Демек,

(А-19) *Жагас мусарман пес халаагаа кес калага ян янаа яндаганаа*

Жақсы мұсылман=Ø DAT пасық хал=DAT, кесір хал= DAT, жан және жандық= POSS.3SG-ACC

‘Жақсы мұсылман(ды) пасық халға, кесір халға, жан және жандығына’

Келесі тармақтағы *дош – дос (с/ш сәйкестігі)*, ал *таван халгаандаа*, қазақ тіліндегі *таба қылу* (таван – табан (қыргызша)) фразеологизмінің мағынасы түсінікті, сонымен *дос таба қылганда* деген тіркесті анықтаймыз. Демек, біз анықтағалы отырған тіркестің бұрынғы дереккөздерінде аударылғандай, қасиетті ұғымдарға (құдай, тәңір) қатысы жоқ, *іші бүрген* (іші тар), *іші теріс* деген сөздер деп білеміз. Одан кейінгі екі тармақ (А-21, 22) талдаулардың нәтижесінде анықтағанымыздай, былай болып келеді:

(А-21) ‘Қас қылганда, пәс қылганда’

(А-22) ‘Күшін енгіз, немен деңіз, құп аңдаңыз’

Ендеше оған дейінгі тармақтардың:

(А-19) Жақсы мұсылман(ға) пасық халға, кесір халға жан және жандығына

(А-20) *Іші бүрген, іші теріс* дос таба қылганда... болары логикалық тұрғыдан да, мәнмәтін бойынша да орынды болмақ.

Бұл тармақтардан табылған сөздер: *пес, хал, кес(ір), және, жандық, іші, бүрген, теріс, дос, таба(н), қыл-*; тұрақты тіркестер: *таба қыл-, іші бүрген*.

Сондай-ақ, «Гарваа горвоо» мәтінінің 2, 3-нұсқаларында *Сиздээм билдээрэ дармаан ёго* деген сөйлем бар. Контекстік және лингвистикалық талдаулар жасай келгенде, оның ‘*Сөзбен дем білдіруге дәрмен жоқ*’ деген сөйлем екені анықталды. Мұндағы *дармаан* – реніш деп аударылып келді, шын мәнінде, *дәрмен* – *күш-жігер* екені белгілі. Ал *ёго* (жок) бұрын тіркелген, жаңадан қосылғаны: *сиздээм* – сөз, *дем*; *билдээрэ* – біл.

3. Сөздердің құрылымын талдау, тіркестердің мағынасын саралау, біріккен сөздерді ажырату барысында анықталған сөздер

Бұған дейін тіркелген хотон сөздерінің көпшілігі грамматикалық формаларымен бірге жазылған, сондықтан оның түбір немесе негізін ажырату жұмысы жүргізілді. Мысалы, *чөмчөд* – чөмч (шөміш), *тогтоогоонд* – тогтоогон (каз. тостаған) сөздерінен жатыс септігінің тұлғасын алып тастадық.

Сөз тіркесі ретінде көрініс тапқан сөздер жеке лексикалық бірліктерге ажыратылды. Айталық, *аксүезк, көтөөр уулангас* деген сөздердің біріншісінен *ак* (ак) және *сүезк* (сүйек); екіншісі *көтөөр уулангас* – асырап алған ұлыңыз дегенді білдіреді, мұндағы *уулангас* [ülıŋgäs] (ұлыңыз) – бұрыннан белгілі, демек *көтөөр* – көтеру, асырау мағынасындағы жаңа сөз.

Деректердегі аудармасы сөз тіркесі ретінде берілген немесе бұрыс жазылғандарын түзету, олардан лексемаларды бөліп алу да сөздік үшін маңызды. Осы тұрғыдан *чагаргаат уулангас* (үйінен жеке шыққан ұл), демек *шаңырақ көтерген ұл*, мұндағы *чагаргаат* сөзіндегі *-т* – иелік, бір нәрсенің бар екендігін білдіретін (яғни шаңырағы бар) жұрнақ, ал *чагаргаа* – шаңырақ (шаңырақ) деген сөз; *түнтик* сөзі *үй, отбасы* ретінде аударылған; ауыспалы мағынада солай екені даусыз, бірақ *түн* сөзін ажыратып алуға болады. Мына тіркестерден де *кизүй (біріккен сөзден): киз және үй*; карагас гое (сөз тіркесінен): *қара, қасқа, қой*; ягаач поку куш (тоқылдауық) – ағаш, поку (мүмкін, тоқу), құс және т.б. бірнеше жеке сөз анықталды. Деректерде *өрмэг* – *тоқылған қызыл қап* деп аударылған, мұның түбірі – «өр» етістігі, өйткені моңғолдарда бұл етістік *гүр-, сүлж-* түрінде көрініс табады.

Чөлөг [čölek] – *шелек*, яғни сұйық зат құюға арналған ыдыс болумен қатар ветеринарияда түйе тұқымында болатын жұқпалы індет, «ақшелек ауруы», «Шелек келгір» деген қарғыс сөздер де бар екені белгілі. Ендеше мұндай сөздерді омоним ретінде сөздікке

енгізуге әбден болады. Сондай-ақ, *хурмашан гоос* [hurmišij ġōs] тіркесінің екінші сыңары дөрвiд тілінің ‘етiк’ деген сөзi, ал бiрiншiсi ‘киiз’ деген мағынаны бiлдiредi, басқаша айтқанда ‘құрым киiзден жасалған етiк’, ендеше мұнда [hurmiš] *құрым* (киiз) сөзi бар.

4. Ономазиология мәліметтері негізінде анықталған жаңа сөздер

Жалқы есімдер кез келген халықтың дүние туралы энциклопедиялық білімі мен өмір сүру тәжірибесін, қоршаған ортамен байланысын, үндесімін аңғартады, сондықтан одан антропонимдердің денотаты туралы нақты ақпараттардың жиынтығын көруге болады. Қанша ғасыр өтсе де, белгілі бір дәрежеде хотондардың тілдік санасында антропонимдер мен геноноимдер жақсы сақталған. Аппеллятив ретінде антропонимнен генонимге айналған *Ажь курмян /Аджу Курман (Ач/ж Курман/Курмян), Худай берди, Хочгәлд /Хөчгелд, Джунпар* және т.б. ру басшыларының есімдері элкәндердің⁷ жалпы атауына айналған. Мысалы, *Ажь курмян* антропонимінің *Ажь* сөзі қазақ тілінің диалектісінде *әжі*, яғни *қажы*, *курмян* – «құрбандық (шалу)», «оқ», «садақ қалтасы» дегенді білдіреді; ал М. Қашқари сөздігінде *курман* (№2576) – «садақшы» [10, 376] деп көрсетілген. Хотондар арасында жиі қойылатын есімнің бірі – *Басан*, ондай есім моңғолдарда да бар, мағынасы: «жапон мифологиясындағы ұшпайтын құс». Моңғол Елінің Бірыңғай статистикалық деректер қорында *Басан* есімді 155, ал *Басандай* есімді 2 адам бар екені көрсетілген [15]. М. Қашқари сөздігінде *басан* (№2237) – «қайтыс болғандарды еске алу үшін берілетін ас» [10, 376-б.]; чуваш тілінде *васан* сөзі «қуыс», «құрғақ сай»; кейбір диалектісінде «бұлақ» дегенді білдіреді екен [16, 47-б.]. Орыс ғалымдарының еңбектерінде тіркелген *Салээмат, Касн, Ходжагул /Хожгууль) Эркэ-бек, Пирмят, эндыбай, Төмөр, Жимагул /Жумагуул* деген араб-парсылық есімдердің көпшілігі қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де кеңінен қолданылады. Сонымен жоғарыдағы адам аттарынан *Ажь* (әжі), *курман* (құрбан, оқ, садақ қалтасы, садақшы), *Худайберди* (Құдай, бер-), *Хочгәлд /Хөчгелд (қош/көш, кел-); Джунпар (жұпар), басан, Салээмат (саламат), Эркэ-бек (ерке, бек), Пирмят (пір-ім, еді), Мэндыбай (мең-ді, бай), Төмөр (темір), Жимагул /Жумагуул (жұма, құл)*, т.б. сөздерді аңғаруға болады.

Хотондардың кейінгі жылдары құрастырылған шежірелік жинақтарынан табылған түркілік сипаттағы 500-ден астам адам аттарын Моңғолия халықтарының антропонимдік статистикалық сайтынан іздегенде, мұндай есімдердің тым аз немесе жоқ екендігі анықталды. Мысалы (1-сі хотонша, 2-сі қазақша): *Аашир* – Әшір, *Ааяан* – Аян, *Авилхан* – Әбілхан, *Айлиа* – Әлия, *Алимхан* – Әлімхан, *Бодуухан* – Бодаухан, *Кавал* – Қабыл, *Сарвай* – Сарыбай, *Торгон* – Торғын, *Освоон* – Оспан, *Туз* – Тұз, *Хултай/Хултаа* – Құлтай, *Загираа* – Зағира, *Жолд* – Жолды, *Журтман* – Жұртаман, *Хаваа* – Қаба, *Сэрэг* – Серік және т.б.

Қазіргі кезде хотондардың антропонимдік сипаты әралуан: басым көпшілігі моңғолша, тибетше, үндіше, орыс және еуропаша. Ал дыбысталуы сәл өзгешелеу болғанымен, семантикалық тұрғыдан моңғол-хотон-қазақ халықтарына тиесілі мынадай есімдерді атауға болады: *Арслан, Баатар* (Батыр), *Базар, Болд* (Болат), *Бүргәд* (Бүркіт), *Марал, Жамбал (Жамбыл), Жирэнтэй* (Жирентай), *Төмөр* (Темір), *Тогтаал* (Тоқтал), *Тоть* (Тоты), *Хэнзээ* (Кенже) және т.с. Бірқатар есімдер гибридік сипатта болып келеді, оны үш топқа бөліп қарастырдық: **1.** *түркілік негіз+тибет, моңғол негіз: Балт+ням, Жамбал+дорж, Отгон+хүү* (заяа), *Таран+пүрэв, Төр+бат, Төмөр+цоож, Хос+баяр*; **2.** *тибет, моңғол негіз+түркілік негіз: Гүмбэн+болд, Бум+балай, Халзан+тэгш*; **3.** *түркі, моңғол тілдеріне ортақ сөзден жасалған: Хөх+хул, Барс+болд, Алтан+цэцэг* (шешек~гүл) және т.б. Антропонимнің құрамындағы немесе жеке мағыналы түркілік есімдер хотон сөздігінің бір лексемасы ретінде есепке алынды.

6. Информанттар берген мәліметтерді верификациялау арқылы анықталған сөздер

⁷ Хотондардың туыстық (рулық) топтары, дөрвiд тілінен аударғанда «бауыр» дегенді білдіреді.

2023–2024 жылдары Жоба аясында хотондар мекеніне жасалған экспедиция кезінде информанттардан жазылып алынған сөздер де лексикалық қорды нығайтудың бір жолы болып табылады. Жазбаша деректерде хотон сөздерінің әртүрлі нұсқалары орын алған. Мысалы, **арша** сөзі *арчань, арчан, арц, аршаа* ретінде; **бас** – *баш, паш, банц, бэгц; пышақ* – *бечаг, бечак, бичаага, бичак, бичээг, бычааг* ретін жазылған. Мұндай көпнұсқалылық ауызша айтылған сөзді естіп, оны тіркеушінің есту дағдысына байланысты туындайды. Орыс ғалымдары орыс тілінің естілім қағидатына сүйеніп, сөздерді сол кездегі орыс графикасымен жазып қалдырған; ал моңғолдық зерттеушілер моңғол тілінің естілімі тұрғысынан қағазға түсірген. Бұл, бір жағынан, түркі тілдерінің заңдылықтарын білетін мамандардың айналысуын, екінші жағынан, тілдік қолданысты жүзеге асыратын тұтынушының болуын қажет етеді. Сонда ғана «бұзылған» сөздердің түпнұсқасын анықтау біршама жеңілдейді. Далалық зерттеулер кезінде хотон өкілдерінің аузынан жазылып алынған сөздер фонологиялық тұрғыдан түркілік сипатқа тән екендігі айқындалды. Мысалы, мынандай сөйлемдер (моңғол-хотон сөздері араласып жүрсе де) мен сөздер (қоюлатылған сөздер) түркі дыбысталымына тым жақын әрі мағынасы дәлме-дәл:

Ар жат (ит қорығанда айтылған сөз) [Ar žat]

Бид чацуу гоо ‘Біз тетелеспіз ғой’ [Bid čacu ǵoi]

Хяр даваад орчи(х)ноо ‘Қыр асып (кіріп) барасыздар’ [Kīr davaad orčino]

Информанттардан жазып алған сөздер де: *тэнгээн* [teŋgen] (ағаш ыдыс) – *тегене, тегеш; тураг* [turaq] (тұрақ, үй); *хүрхэг* [kürkik] – күрке және т.б. – дыбысталымы бойынша сәйкес келеді.

Біз зерттеу жұмысымызды (2023 ж.) тілдердің тектестігін анықтауда қолданылатын «Сводеш тізімі» бойынша түгендеумен бастаған болатынбыз. Онда Сводеш тізіміндегі сөздердің 83,64% хотон тілінде сақталғаны анықталған. Қалған сөздер алдағы далалық зерттеулерде табылады деген үмітте болдық [17, 47–59-бб.]. 2024 ж. информанттар аталған тізімдегі мына сөздерді бере алды: №27⁸ *bark* (of tree) – ағаштың қабығы – *хаваг* [havik] ретінде, ол сөз мағынасының кеңеюі нәтижесінде *үйдің жұқа жабуы* деген мағынада сақталған; №51 *breast* – кеуде, төс – *хэнхэлдэг* [keŋkildik] – кеуде, төс және *хэнгэрэг* [keŋkirik] – кеуде сүйек, демек, кеуде семасына кіретін *кеңірдек* сөзі сақталған; №83 *ash* – *хүлтүүр/хэлтүүр* [kültür /keltür] – күл алатын құрал – күл алғыш (Моңғолия қазақтары осылай атайды), осы сөздің түбірі біз іздеген күл екені даусыз; себебі моңғол тілінде *күл-ді унс* дейді.

Информанттардан алынған сөздерді түркілік сипатта транскрипциялаумен қатар ондағы түбір және туынды сөздерді анықтау, әртүрлі нұсқаның дұрысын таңдаудың да қажеттілігі бар. Айталық, жоғарыда айтып өткен «Гарваа горвоо» мәтінде «Төөсөл атай, төөн пэрлээ» деген тіркестер бар. Біз мұның алдыңғысын қырғыз тіліндегі *туыс атай*, соңғысын *түннің пірілері* болуы мүмкін деп болжам жасадық. Алайда экспедиция кезінде молдалар оқыған дұғада *Үсэл атаа* [Üsil ata] ретінде айтылғанын байқадық; мағынасын сұрағанда, «Тэмээний эзэн», яғни *түйенің иесі* дегенді айтты. Демек, бұл – Ойсыл ата (қаз. Ойсыл қара), ал екіншісі – *түйенің пірі* деген сөз болып шықты. Сол сияқты бұрынғы дерекөздерінде тіркелген *қызыл неңгістен* тіркесіндегі *қызыл* деп хотондар қыз баланы айтатыны түсінікті, ал *неңгістен*-дегі *-тен* аблатив тұлғасы, *неңгіс* – мәні анық емес еді; молдалар мұның «охин дүүгээс» (сөзбе-сөз: қыз інінізден) деген сөз деп түсіндірді; демек біздегі қарындас сөзіне «қызыл іні» сәйкес келеді; бұл хотондардың моңғол тілінен алған калька сөзі ме, әлде басқа да түркі тілдерінде мұндай қолданыс бар ма, оның мәні болашақ зерттеулерде ашылады деп білеміз. Түйіндей келгенде, сөздің дұрыс нұсқасы сол тілде сөйлейтін халықтың ауызша айтылған сөздерімен тексерілсе, нәтижелі болары сөзсіз.

⁸ Сводеш тізіміндегі реті

Өкінішке қарай, мұндай мүмкіндік тым аз, хотон молдалары және осы этностың өкілдері бірлі-жарым болмаса, көп сөздің мағынасын білмейді.

7. Сөздердің этимологиясын тексеру барысында анықталған сөздер

Түркі тілдерінде бұрынғы мағынасы күңгірттеніп немесе архаизмге айналған сөздердің моңғол тілінде, хотондарда белсенді қолданыста жүргені аңғарылды. Мысалы, төркіні парсының *кубе* (كوبه) сөзінен шыққан, қазақ тілінде 1) ұрғыш, тоқпақ; 2) ауыспалы мағынада айран, қымыз, сүт пісуге арналған ағаштан жасалған ыдыс дегенді білдіретін сөз хотондарда да біздегідей 2-ші мағынада (*хув* – күбі), оған қоса *хувин* (шелек ретінде де қолданылады) сөзін де хотон тілінің лексикалық бірлігі ретінде қарауға негіз бар.

8. *Сөздерді түгендеудің бір көзі – ауыз әдебиеті үлгілері.* Алайда хотондар фольклоры моңғол тілінде қалыптасқан, дегенмен аз да болса түркілік сөздер табылды.

1. *Жилмэг* хөдөөн орой, (*Жылымық* кыр кеші);
2. *Тиг* дөрвөлжин биетэй (*Тік* төртбұрыш денелі);
3. Санаа *хийгас* бол (Санасы *қиғаш* болса, Заяа нь *хийгас* болно (Тағдыры *қиғаш* болады).
4. Хармаан хийж надья (*Қырман* жасап тойлайық);
5. *Барчин* бүргэд цугларна (*Баршын* бүркіт жиналады).

Бұл – хотондардың батырлық жырларынан, халық әндерінен, мақал-мәтелдерден алынған тіркестер. Мұндағы *жилмэг* – жылымық (Сводеш тізіміндегі бос тұрған №93 сөз *warm* – *жилмэг* (жылымық), яғни *жылы*), *тиг* – тік, *хийгас* – қиғаш, *хармаан* – қырман; *барчин* – баршын, яғни 11 жасар бүркіт сөздері осы санатқа жатады; бұл сөздер моңғол тілінде жоқ, мысалы, *тиг* сөзі болғанымен, ол *бурхны тиг* (құдайдың тигі) – құдай жарататын өте күрделі өлшем, қатынас; *хар тиг* (қара тиг) – ыстық тозақтың екіншісі; *тигийн утас* (тигтің жібі) – ағаш шеберінің өлшегіш жібі т.б. мүлдем басқа мағынаны білдіреді. Ал *санаа* – *санаа* (сан, зат есім), *бол-*, бүргэд (бүркіт) – түркі-моңғолдық параллель сөздер. Хотондардың ауыз әдебиетінен табылған сөздердің моңғолшасы мынадай: *жилмэг* – дулаахан, *тиг* – тиг (мағынасы басқа), *хийгас* – хазгай, ташуу, *хармаан* – тарианы талбай; *барчин* – (түсіндірмелі аударманы қажет етеді): 11 настай бүргэд.

9. Төркіндес немесе тығыз байланыстағы тілдердің сөздігін пайдалану

«Көптеген өлі тілдер қандай да бір этникалық топтармен байланыста болып келері сөзсіз. Ондай тілдерді қайта қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ емес» [18, 3-б.]. Ендеше түркі тілдерінің деректерін, оның ішінде сөздіктерін пайдаланып, хотондарға тән сөздердің тізімін жасап шығудың да берері мол. Бұл бағытта түркі-моңғол тілдерінде параллель қолданылатын сөздерді тіркеу үшін белгілі ғалым Б. Базылханның қазақша-моңғолша сөздігі [1] пайдаланылды және белсенді қолданыстағы 200-ден астам сөзі іріктеліп алынды. Мұнда бұрыннан белгілі *әбдіре* (абдыра) – авдар, *абысын* – авьсан, *ер* (адам) – эр, ... тәрізді ғылыми ортаға бұрыннан мәлім сөздермен қатар *ерік* – эрх, *еп* – эв, *жар* (салу) – зар, *жиен* – зээ, *көген* – хөгнө, *мерген* – мэргэн, т.б. сөздер қазақ тіліндегі фонетикалық тұрпаты бойынша сөздікке қосылды. Бір сөзбен айтқанда, қазақ-моңғол тілдеріндегі белсенді қолданыстағы параллель сөздердің тізімі жасалды. Бұларды хотон тілінің өзіндік ерекшелігін анықтауда көмекші дереккөзі ретінде қолдануға болады. Хотон тілінің фонетика-грамматикалық жүйесі толық анықталған жағдайда кейбір сөздердің жазылуына ерекшеліктер енгізілуі мүмкін.

Сондай-ақ, хотондар ойрат диалектінде сөйлейтін дөрвід, баядтармен көп жылдар бойы аралас-құралас өмір сүрді, оларға да түркі сөздерін сіңірді. Айталық, ойраттар *хямсаг*, *чигээ* деген сөздерді қатар қолданады, бұл моңғол тілінің халх диалектінде (әдеби тілінде) жоқ, *хямсаг* сөзі ойраттарға тән; ал *чигээ* сөзі түркі тілдерінде де кездеседі. Осындай сөздердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: *аабалта* (айбалта), *айу* (аю), *гас* (қасқа), *хөглжирган/ хөгөлжиргэн* (көгершін), ... *ялтак* (жалпақ), *ярь* (жәрдем) және т.б.; олар моңғол

тілінің халх диалектісіне *саран сүх, баавгай, халзан, тагтаа, ... хавтгай, тусламж* ретінде аударылады, бұл топтағы сөздер ойрат тілі сөздігінен [20] алынды.

Ойраттар эвфемизм ретінде хотон сөздерін қолданылатыны назарымызды аударды: кара түс (моңғолшасы: хар өнгө) – *baran*⁹, ақ түс (цагаан өнгө) – *gil'an* (қылаң), балта (сүх) – *balta*, қол (гар) – *alihn* (алақан), сырмақ (дэвсгэр, ширдэг) – *širdik, jerdik* және т.б. [21, 96-б.]. Жоғарыда аталған сөздіктермен қоса, «Дивани лугат ат түрік» сөздігінен хотондардың бұрынғы зерттеулерде тіркелген сөздері мен семантикасы әрі фонетикалық тұрпаты бойынша да сәйкес келетін бірқатар сөздерді кездестіреміз. Бұл сөздер қазақ тілінде жоқ: *укак* – үхэг [үкік] ‘жәшік, сандық’; *иңак* – инек, үнээг ‘сиыр’ және т.б.

Түйіндей келгенде, түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі, басқа да түркі тілдерінің сөздігін пайдалана отырып, хотондар сөйлеген тілдің лексикалық қорын бірнеше есе ұлғайтуға болады деген ойдамыз. Ол үшін хотон тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесі жөнінде белгілі бір байламға келуіміз керек. Ұсынылып отырған сөздіктің негізінде түркі тілдерінің дыбыстарымен сәйкестік дәрежесін, фонетиканың негізгі заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады деп есептейміз. Сонда ғана хотон тілінің түркі тілдерінің қайсысына жуық екені нақты анықталады.

Сөздік жасау барысында хотон тілі етістіктерін түбір тұлғасымен, бұйрық райдың II жағынан соң дефис (-) қою арқылы беруді жөн көрдік. Өйткені тұйық етістік формасы әлі анықталмады. Негізінен «Түркі тілдерінде инфинитив салыстырмалы түрде кеш қалыптасады ... тыва тілінде қалыптасқан инфинитив формасы әлі күнге дейін жоқ. Түркілік =арга инфинитивіне тыва тілінде келер шақ есімшенің септік формасынсыз =ар сәйкес келеді, ... бұл тыва тілін осындай ерекшелігі бар тофалар тіліне жақындастырады» [22]. Хотондардың ауызша жеткен мәтіндеріне талдау жасай келгенде, *Ер ернингээр суун суунаагаар ер суун алиараа* типіндегі сөйлемдерді кездестіреміз. Мұны қазақ тіліне ‘*Жерін жерсінерге, суын сүйінерге, жер-суын аларға*’ ретінде аударуға болғанымен, етістіктер грамматикалық жағынан сәйкеспейді: *ернингээр, суунаагаар*. Біз екі түрлі болжам ұсынып отырмыз: 1. тыва, тофалар тілдерінің инфинитив формасымен сәйкес келуі мүмкін: *ернингээр, суунаага-ар*; 2. моңғол тілінің -x тұйық етістік формасы (регрессивтік ассимиляцияның әсерінен x~г) және іс-әрекеттің амалын, құралын білдіретін қимыл септігінің -*аар/ээр* (үйлдэх тийн ялгал) тұлғаларының қосындысы (x-аар, x-ээр) болуы мүмкін; екі жағдайда да семантикалық тұрғыдан алшақтық жоқ, түркілік =*арга* аффиксінің мағынасын береді. Осындай мәселелерді шешу үшін құрастырған сөздігімізді Сводеш тізімінің қосымшасы ретінде түркі тілдеріне бейімделіп жасалған 302 сөзбен салыстыратын боламыз. Қай тілдің лексемасы хотондарға көбірек сәйкес келеді, сол тілдің грамматикалық формаларын да ескеріп отырған дұрыс деп білеміз.

Қорытынды

Хотон түркілердің лексикасын түгендеп, оны түрколог ғалымдардың назарына ұсыну және болашақта аталған тілді жаңғырту жолдарын қарастыру үшін алты тілдік (хотон-қазақ-түрік-моңғол-орыс-ағылшын) сөздік құрастырылды. Бұған дейін хотон лексикалық қорында 400-500-дей ғана сөз тіркелген, қазір сөздікте 1200-ден астам сөз бар.

Түркілердің ынтымақтастығы жаңа кезеңге көтеріліп жатқан қазіргі кезде жоғалған тіліміздің бірін назарға алып, мүмкін болса, қайтадан қалпына келтіру, оның деректерін ғылыми айналымға енгізудің қажеттілігі талас тудырмаса керек. Бірнеше ғасыр бұрын қолданыстан шыққан тілді жаңғырту үшін, 1-ден, оған мүдделі халықтың өзі бастама көтеруі керек; 2-ден, құқықтық-саяси жағдайдың да шешуші рөлі бар; 3-ден, тіл деректерін ғылыми тұрғыдан саралап, мейлінше түпнұсқаға жақындату, қажет болған жағдайда (ғалымдардың келісімімен) қолдан модернизациялау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Далалық зерттеулер

⁹ Ц-д Номинхановтың транскрипциясы сақталды.

кезінде сұқбаттасқан әрбір информанттың көкейінде ана тілін жаңғыртуға деген оң көзқарастың бары аңғарылды. Бұл мәселені БҰҰ Бас Ассемблеясының 1992 ж. 18 желтоқсанда қабылданған «Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын адамдардың құқықтары туралы декларация» аясында жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Хотондар өмір сүретін Моңғол Елінде БҰҰ Декларациясы ратификацияланған. Құрамындағы аз ұлт өкілдеріне жағдай жасау үшін зерттеулер жүргізу, құқықтық тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз ету және олардың білім алу, өздерінің салт-дәстүрі мен мәдениетін, тілін сақтауға аталған ел демократиялық тұрғыдан шешім қабылдап келеді [23].

Хотондардың белгілі болған тілдік деректеріне сүйенсек, одан бір емес, бірнеше түркі тілінің қасиетін көреміз. Сондықтан зерттеулерді жан-жақты әрі түркі тілдерін мейлінше көптеп тарту арқылы жүргізілгенде нәтижелі болмақ. Біз құрастырған сөздігімізді басқа да түркі тілдерінің сөздіктерімен генерациялау жұмысын жүргізетін боламыз. Алайда қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен оны қысқа мерзімде, сапалы хәм дәлелді түрде орындап шығуға болады деген үмітіміз де жоқ емес. Өйткені параллель корпустарсыз да көне тілдерді оқи алатын жүйе бар. Онда төркіні бір тілдердің сипаты бойынша статистикалық есеп жүргізуде жиі қолданылатын когнаттар – туыстас тілдердің лексемалары есепке алынады. Мұндай жағдайда түркі тілдері сенімді база бола алатыны сөзсіз.

Мақала АР19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Моңғолиядағы хотон этнотобы» тақырыбындағы гранттық жобаны орындау барысында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии: результаты путешествия, исполненные в 1876–1877 гг. Г.Н. Потаниным. Вып. 2. Материалы этнографические. – СПб., 1881. [Электронный ресурс]. URL: <https://elibrigo.ru>. (дата обращения 12.08.2024)
2. Владимирцов Б.Я. Турецкий народец хотоны: Новые данные о хотонах. В кн.: Записки Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества. Пг.: Типография Императорской Академии Наук, 1916. – С. 265–277.
3. Шәкәрім Қ. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.
4. Санхүү Б. Хотон ардын аман зохиол (Хотон ауыз әдебиеті). – Улаанбаатар: ШУА Хэл зохиолын хүрээлэн, 2014. – 442 б.
5. Цэрэндаш Ц., Батсуурь Ж. Монголын хүн амын генийн сан: Хотон таны угийн зураглал (Моңғолия халықтарының генефоны: Хотондар, сіздің тегіңіздің сызбасы). – Улаанбаатар: Анагаах ухааны хүрээлэн, 2004. – 182 б.
6. Самойлович А.Н. Хотонские записи Потанина. В кн.: Записки Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества., Пг.: Типография Императорской Академии Наук, 1916. – С. 278–290. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.orientalstudies.ru>. (дата обращения 12.08.2024)
7. Бадамхатан С. Увсын хотон ястан (Хотонский народец аймака Увс). – Эрдэнэт: Ажнай, 1995. – 92 с.
8. Солонго Д., Сарангэрэл Р. Хотон аман аялгуу (Хотон диалектісі). – Улаанбаатар, 2020. – 157 с.
9. Сафиуллина Г. Двухязычная лексикография: теория и практика магистрского курса // Филология и культура. – 2016. – №2(44). – С. 126–130.
10. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
11. Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии. Архив Петербургской русистики. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.ruthenia.ru/apr/textes/sherba/sherba9.htm> (дата обращения 12.08.2024)

12. Дубичинский В.В. Теоретическая и практическая лексикография. – Вена-Харьков, 1988. – 161 с.
13. Magdalena T.F. The Khoton of western Mongolia // *Acta Orientalia Academia Science arum Hung.* – 1979. – Tomus XXXIII (1). – P. 1–37.
14. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «К» (~«Г»), «Қ» (~«К»). Вып. 1-й, РАН, ИЯ / Отв. ред. Благова Г.Ф. – М.: Языки русской культуры, 1997. – 368 с.
15. Тантай ижил нэрийн статистик мэдээлэл. [Электронды ресурс]. URL: <https://www2.1212.mn/sonirkholtoi/GivenName/> (қаралған күні 18.08.2024)
16. Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1964. – 357 с.
17. Zhakupov et al. The Basic Vocabulary of An Extinct Language: The Khoton Language in Mongolia // *Eurasian Journal of Applied Linguistics.* – 2024. – №10(2). – P. 47–59. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10205>
18. Мусорин А.Ю. О содержании понятия «Мертвые языки». В кн.: Язык и культура. – Новосибирск: Изд-во Новосибирск. гос. ун-та, 2003. – С. 3–6.
19. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. – Ұланбатыр: Монғолия Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты, 1977. – 392 б.
20. Цолоо Ж. БНМАУ дахь монгол хэлний нутгийн аялгууны толь бичиг II: ойрад аялгуу. – Улаанбаатар: ИЯЛ АН МНР, 1988. – 944 б.
21. Ц-д Номинхановын 1924-1925 онд Баруун Монголд хийсэн судалгаа-1 (Ц-д Номинхановтын 1924-1925 жылдары Батыс Моңғолияда жүргізген зерттеулері-1) // *Bibliotheca oiratica LXI7.* – Улаанбаатар, 2016. – 170 б.
22. Шамина Л.А. Инфинитив в тувинском языке. [Электронный ресурс]. URL: <file:///C:/Users/nursa/Downloads/infinitiv-v-tuvinskom-yazyke.pdf> (дата обращения 12.08.2024)
23. Туяа У. Үндэстний цөөнхийн сурч боловсрох, эх хэлээрээ харилцах эрх, түүний хэрэгжилт (Аз ұлттардың білім алу, ана тілінде сөйлесу құқығы және оның орындалуы) // Улс төрийн боловсролын академи: Шинэ толь. – 2009. – №66. [Электронды ресурс]. URL: <https://academy.edu.mn/> (қаралған күні 18.08.2024)

REFERENCES

1. Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii: rezultaty puteshestvia, ispolnennye v 1876–1877 gg. G.N. Potaninym [Sketches of North-Western Mongolia: the results of the trip, carried out in 1876-1877. G.N. Potanin]. Вып. 2. Materialy etnograficheskie. – SPb., 1881. [Electronic resource]. URL: <https://elibrigo.ru>. (date of access 12.08.2024) [in Russian]
2. Vladimircov B.Ia. Tureckiy narodec hotony: Novye dannye o hotonah [Turkish Khoton people: New data about the Khotons]. V kn.: Zapiski Vostochnogo Otdelenia Imperatorskogo Russkogo Arheologicheskogo Obshestva. Pg.: Tipografia Imperatorskoi Akademii Nauk, 1916. – S. 265–277. [in Russian]
3. Shakarim Q. Turik, qyrgyz-qazaq ham handar shejiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh and khan genealogy]. – Almaty: Qazaqstan; Sana, 1991. – 80 b. [in Kazakh]
4. Sanhuu B. Hoton ardyn aman zohiol (Hoton auyz adebieti) [The folklore of khoton]. – Ulaanbaatar: ShUA Hiel zohiolyn hurieieli, 2014. – 442 b. [in Mongolian]
5. Cieriendash C., Batsuur J. Mongolyn hun amyn geniin san: Hoton tany ugiin zuraglал (Mongolia halyqtarynyn genefony: Hotondar, sizdin teginizdin syzbasy) [Mongolian population gene pool: Genealogy of your pelicans]. – Ulaanbaatar: Anagaah uhaany hyrieieli, 2004. – 182 s. [in Mongolian]
6. Samoilovich A.N. Hotonskie zapisi Potanina [Potanin's Haughton Recordings]. V kn.: Zapiski Vostochnogo Otdelenia Imperatorskogo Russkogo Arheologicheskogo Obshestva., Pg.: Tipografia Imperatorskoi Akademii Nauk, 1916. – S. 278–290. [Electronic resource]. URL: <http://www.orientalstudies.ru>. (date of access 12.08.2024) [in Russian]
7. Badamhatan S. Uvsyn hoton iastan (Hotonskiy narodec aimaka Uvs) [Khoton people of Uvs]. – Ierdieniet: Ajnai, 1995. – 92 s. [in Mongolian]

8. Solongo D., Sarangieriel R. Hoton aman aialguu (Hoton dialektisi) [Dialect of Khotons]. – Ulaanbaatar, 2020. – 157. [in Mongolian]
9. Safiullina G. Dvuiazychnaia leksikografia: teoria i praktika magistrskogo kursa [Bilingual lexicography: theory and practice of the master's course] // Filologia i kultura. – 2016. – №2(44). – S. 126–130. [in Russian]
10. Qashqari M. Turik sozdigi. 1-tom [Turkish dictionary. Vol 1] / Aud. A. Egeubao. – Almaty: Arda+7, 2017. – 592 b. [in Kazakh]
11. Sherba L.V. Opyt obshei teorii leksikografiki. Arhiv Peterburgskoi rusistki [Experience of the general theory of lexicography Archives of St. Petersburg Russian Studies]. [Electronic resource]. URL: <https://www.ruthenia.ru/apr/textes/sherba/sherba9.htm> (date of access 12.08.2024) [in Russian]
12. Dubichinskiy V.V. Teoreticheskaia i prakticheskaia leksikografia [Theoretical and practical lexicography]. – Vena-Harkov, 1988. – 161 s. [in Russian]
13. Magdalena T.F. The Khoton of western Mongolia // Acta Orientalia Academia Science arum Hung. – 1979. – Tomus XXXIII (1). – R. 1–37.
14. Etimologicheskii slovar tiurkskih iazykov. Obshetiurkskie i mejtiurkskie leksicheskie osnovy na bukvy «K» (~«G»), «K» (~«K») [Etymological dictionary of Turkic languages. General Turkic and inter-Turkic lexical bases with the letter "K" (~"G", "K" (~"k"))]. Vyp. 1-j, RAN, IIa / Otv. red. Blagova G.F. – M.: Iazyki russkoi kultury, 1997. – 368 s. [in Russian]
15. Tantai ijil nieriin statistik miedieieliel [Statistics of the same name as you]. [Electronic resource]. URL: <https://www2.1212.mn/sonirkholtoi/GivenName/> (date of access 18.08.2024) [in Mongolian]
16. Egorov V.G. Etimologicheskii slovar chuvashskogo iazyka [Etymological dictionary of the Chuvash language]. – Cheboksary: Chuvashskoe knijnoe izdatelstvo, 1964. – 357 s. [in Russian]
17. Zhakupov et al. The Basic Vocabulary of An Extinct Language: The Khoton Language in Mongolia // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2024. – №10(2). – P. 47–59. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10205>
18. Musorin A.Iu. O soderjanii poniatia «Mertvye iazyki» [About the content of the concept “Dead languages”]. V kn.: Iazyk i kultura. – Novosibirsk: Izd-vo Novosibirsk. gos. un-ta, 2003. – S. 3–6. [in Russian]
19. Bazyghan B. Qazaqsha-mongolsha sozdik [Kazakh-Mongolian dictionary]. – Ulanbatyr: Mongolia Gylym akademiasynyn Til men adebiet instituty, 1977. – 392 b. [in Kazakh]
20. Coloo Zh. BNMAU dah' mongol hielniy nutgiin aialguuny tol bichig II: oirad aialguu [Dictionary of local dialects of the Mongolian language in the People's Republic of China II: Oirad dialects]. – Ulaanbaatar: IIAL AN MNR, 1988. – 944 b. [in Mongolian]
21. C-d Nominhanovyn 1924-1925 ond Baruun Mongold hiisien sudalgaa-1 (C-d Nominhanovtyn 1924-1925 jyldary Batys Mongoliada jurgizgen zertteuleri-1) [1924-1925 study of Nominhanov in Western Mongolia-1] // Bibliotheca oiratica LXI7. – Ulaanbaatar, 2016. – 170 b. [in Mongolian]
22. Shamina L.A. Infinitiv v tuvinskom iazyke [Infinitive in Tuvan language]. [Electronic resource]. URL: <file:///C:/Users/nursa/Downloads/infinitiv-v-tuvinskom-yazyke.pdf> (date of access 12.08.2024) [in Russian]
23. Tuiaa U. Undiestniy coonhiin surch bolovsroh, ieh hielieierieie harilcah ierh, tuunii hierieghilt (Az ulttardyn bilim alu, ana tilinde soilesu quqygy jane onyn oryndaluy) [The right of ethnic minorities to education and communication in their mother tongue and its implementation] // Uls toriin bolovsrolyn akademi: Shinie tol. – 2009. – №66. [Electronic resource]. URL: <https://academy.edu.mn/> (date of access 18.08.2024) [in Mongolian]